



Бекітімін:

«№22 «Алтын бесік» бөбекжайы»

жедел басқару құқығындағы МКҚК  
директор С.А.Жакузова

2023 ж.

## Ата-аналаға (занды өкілдерге) және отбасы жағдайында тәрбие алатын балаларға арналған кеңес беру орталығы туралы ереже

### 1. Жалпы ереже:

- 1.1. «№22 «Алтын бесік» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК кеңес беру пункті (бұдан әрі-КП) «Білім туралы» ҚР Занына сәйкес мектепке дейінгі үйымға бармайтын 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) кеңестік көмек көрсетуді жүзеге асырады.
- 1.2. Осы ереже МДҮ-да жұмыс істейтін кеңестік пункттің қызметін реттейді.
- 1.3. Кеңестік пункті мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту, отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.
- 1.4. Ата-ананың (занды өкілдерінің) өтініші бойынша отбасымен тікелей жұмысты МДҮ-ның әдіскері жүргізеді.

### 2. Кеңес беру орталығы жұмысының мақсаттары мен міндеттері:

- 2.1. Кеңестік пункті отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабактастырын қамтамасыз ету, ата-аналарға (занды өкілдерге) психологиялық- педагогикалық көмек көрсету, МДҮ-ға келмейтін балалардың жеке басының жан-жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылған.

#### 2.2. Кеңестік пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (занды өкілдерге) МДҮ-ға келмейтін балалардың дамуы үшін жағдай жасауда жан-жақты көмек көрсету;
- ата-аналарға (занды өкілдерге) кеңес беруге қолдау көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде олардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- белгілі бір себептермен бөбекжайға бара алмайтын балаларды әлеуметтендіруге көмектесу.

### 3. Кеңес беру орталығы жұмысының мазмұны:

- 3.1. Ата-аналарға (занды өкілдерге) психологиялық- педагогикалық көмек көрсетуді үйимдастыру мамандардың яғни әдіскердің, медбикенің, педагог-психологтың, логопедтің, музыка жетекшісінің, дене шынықтыру жетекшісінің, тәрбиешілердің, қазақ тілі мұғалімінің қызметін біріктіруге негізделген.
- 3.2. Кеңестік пункті қызметінің негізгі түрлері ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған дәрістер, теориялық және практикалық семинарлар, ата-аналардың (занды өкілдердің) сұрауы бойынша жеке және топтық кеңестерді үйимдастыру, жазбаша өтініш беру, телефон арқылы қонырау шалу және т.б. бойынша сырттай кеңестерді үйимдастыру болып табылады.

3.3. Ата-аналарға (занды өкілдерге) білім берудегі сауаттылықты арттыру, педагогикалық және түзету білімі саласындағы тұсініктерді кеңейту бойынша семинарлар, вебинарлар, кеңестер, ұсыныстар өткізу.

3.4. Көрсетілген тақырыпқа сүйене отырып, әкімшілік кеңес беру үшін қажетті ақпаратты толық мәнгерген маманды тартады.

**4. Кеңес беру орталығын басқару және басшылық ету:**

4.1. Кеңес беру орталығын қызметін ұйымдастыруды басқару және басшылық ету осы нормативтік құжаттарға жүзеге асырылады.

4.2. Кеңестік көмек көрсету ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап мамыр айына дейін тегін көрсетіледі.

4.3. Кеңес беру орталығын жұмысына жалпы басшылық ету МДҰ-ның әдіскері жүзеге асырады, оның ішінде:

- жұмыс жоспарына сәйкес кеңес беру орталығын жұмысын қамтамасыз етеді;
- Кеңес беру орталығын жылдық жұмыс жоспарын әзірлейді және орындалуын қамтамасыз етеді.

**4.4. Кеңес беру орталығы ұсынатын қызметтер:**

- ата-аналарды (занды өкілдерді) оқыту-әр түрлі цифрланған жұмыстың түрлері арқылы отбасының барлық мүшелерінен бала тәрбиесіне қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу мақсатында ата-аналардың (занды өкілдердің) педагогикалық мәдениетін дамытуға бағытталған ақпараттармен: кеңес беру (психологиялық, корекциялық, педагогикалық, ата-аналарды баланың дамуының физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік әсер етудің негізгі бағыттары, дағдарыстық жағдайлардан шығу туралы ақпараттандыру.

**5. Кеңес беру орталығының құжаттары:**

Кеңес беру орталығы қызметін қамтамасыз ету үшін мынандай құжаттар жүргізіледі:

- Ата-аналарға (занды өкілдерге) және МДҰ-ға келмейтін балаларға арналған кеңес беру орталығын туралы ереже;
- ата-аналардың алдын-ала жазылу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және ата-аналардың (занды өкілдерінің);
- өтініштерін есепке алу журналы;
- кеңес беру орталығын жұмыс жоспары;
- кеңес беру орталығын жұмыс кестесі;
- жыл бойғы жұмысты талдау

**6. Ережені қорытындылау:**

6.1. Осы ереже МДҰ-ның директорының бүйрығы шыққан сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Ереженің қолданылу мерзімі жаңасы қабылданғанға дейін қолданылады.